Элективті пәндер каталогы

1. Кафедра: «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы»
2. Білім беру деңгейі: Бакалавриат
3. Білім бағдарламалары: 6В10111 «Қоғамдық денсаулық»
4. Курс: 1
5. Элективті пән атауы: Құқық және экономика негіздері
6. Кредит саны: 5/2
7. Мақсаты: Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, білім алушының құқық және мемлекет теориясы негіздерін ұғып, меңгеруі нәтижесінде дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық құқықтың жетекші салалары мен экономикалық теория аумағында қажетті білім алу.
8. Міндеттері: - Мемлекет пен құқықтың негізгі теорияларын меңгеру;
- шектеулі ресурстар жағдайында адамдардың экономикалық мінез-құлықтарының қағидалары мен себептерін қарастыру;
- Қазақстан Республикасындағы экономикалық және құқықтық қатынастар ерекшеліктерін анықтау;
- нарықтық жүйе тиімділігінің шегі мен қызметін, сондай-ақ экономиканы реттеудің негізді нысандарын анықтау;
-Қазақстандық мемлекеттік-құқықтық даму механизімінің саяси- құқықтық жолдарын ашу;
- экономика және құқық саласындағы нормативтік-құқықтық базаның ерекшеліктерін анықтау

9.Пән мазмұны: Мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың жиынтығын олардың құқықтық нысаны мен құқық қолдану тәжірибесінде зерттеу. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Қазақстан құқығының негізгі салалары. Нарықтық тепе-теңдік. Медициналық қызметтер нарығындағы бәсекелестік. Қазақстанда медициналық қызмет көрсету кәсіпкерлігін дамыту. Ұлттық экономиканың құрылымы. Қазақстанның әлемдік интеграциялық процестерге және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы.
10.Пәнді таңдау негіздері: Бұл бағдарлама студенттерге пән бойынша қажетті білім, біліктілік және дағдыларды беру, оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін әзірленген.
11. Оқыту нәтижелері:
1) ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен категорияларын, салалық заңнаманың және экономикалық теорияның маңызды нормаларын білгенін және түсінгенін көрсетеді.
2) Құқықтық институттарды, олардың қамтамасыз етілген нормаларын, құқықтық қағидаларын, олардың қамтамасыз етілген кепілдіктерін ажыратады.
3) Алған білімін іс жүзінде дұрыс қолданады, қалыптасып жатқан құқықтық қатынастарға абстрактілі құқық нормаларын экстраполяциялайды, ұқсастықтар мен параллельдер келтіру арқылы әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың мәнін түсіндіреді.
4) Қандай да бір құқықтық қатынастардың салалық тиесілігін дұрыс анықтай отырып, заңнамалық дереккөздік базаны талдайды, сондай-ақ заңдық емес мәселе шегінде теориялық-құқықтық көзқарас пайдасына ғылыми негізделген дәлелдердің логикалық байланысын құру кезінде құқық нормаларымен жұмыс жасайды.
5) Денсаулықты сақтаудың құқықтың әртүрлі салалары және заңды жауапкершіліктің түрлерімен (оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін) өзара байланысын біледі және талдай алады.
6) Қазіргі экономиканың экономикалық заңдылықтары мен даму заңдылықтарына назар аудара отырып, микро және макродеңгейдегі экономикалық жағдайды талдай алады.
7) Қазақстандық қоғамды жаңғырту жағдайында құқықтық және экономикалық процестердің мазмұны мен ерекшеліктерін талдай алады.
10. Реквизитке дейінгі: -

11. Реквизитен кейінгі: философия

12. Сабақтас пәндер: Қазақстан тарихы, психология және культурология, әлеуметтану және саясаттану

13. Әдебиет:

Негізгі:

1.Таскымбаева, С. М., Каратаева Ф.М..Основы экономической теории: учеб.пособие / - Караганда : АҚНҰР, 2017. - 200 с.

2.Альжанова, А. Н. Основы права учеб. пособие / А. Н. Альжанова, К. К. Райханова. - ; Алматы : Эверо, 2014. - 134 с

3.Правоведение: учеб. пособие. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2013

4.Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені / ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.

5.Жанысбеков, М. А. Основы антикоррупционной культуры: учебно-методическое пособие / - Караганда: АҚНҰР, 2016. – 198

6. Альжанова А. Н. Основы права : учебное пособие / А. Н. Альжанова, К. К. Райханова. - Алматы : New book, 2022. - 134 с. (Шифр 67(5Каз)я73/А 567-128019)

7. Газизова Н. С. Құқық негіздері : оқу құралы / Н. С. Газизова. - Алматы : New book, 2022. - 256 бет. с. (Шифр 67(5Каз)я73/Г 12-289504)

8. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы негіздері. 1 кітап : оқулық 2 кітаптан тұрады / құраст. Е. Баянов. - Алматы : New book, 2022. - 384 бет. с. (Шифр 67(5Каз)я73/Қ 18-465398)

9. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы негіздері. 2 кітап : оқулық 2 кітаптан тұрады / құраст. Е. Баянов. - Алматы : New book, 2022. - 368 бет. с. (Шифр 67(5Каз)я73/Қ 18-032046)

Қосымша:

1.Блак Джон Оксфорд экономика сөздігі = A dictionary of economics / сөздік; Н. Хашимзаде, М. Гарет. - 5th ed. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 608 бет.

2.Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту = Small Business Management: Launching & Growing Entrepreneurial Ventures : оқулық / Г. Лонгенекер [және т.б.] ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Қуанышбекова. - 18-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 704 б.

3.Шоу М. Н. Международное право [Текст] = International LAW: т.1 учебник / М.Н. Шоу. - 8-е изд. - Нұр-Султан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 640 стр.: (Рухани жаңғыру)

4.Шоу М. Н. Международное право [Текст] = International LAW: т.2 учебник / М.Н. Шоу. - 8-е изд. - Нұр-Султан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 716 стр.

5.Утегенова Г.И. Фармацевтикалық өнеркәсіп экономикасы :оқулық –Жасулан -2022

6. Утегенова Г. И. Экономика фармацевтической промышленности: учебник-Жасулан - 2022

7. Бусурманов Ж. Д. Адам құқықтарының Еуразиялық концепциясы : оқу құралы / Ж. Д. Бусурманов, И. С. Сактаганова. - Алматы : New book, 2022. - 200 бет. с. (Шифр 67(5Каз)я73/Б 85-599230)

Электронды деректер базалары:

1. Құқық негіздері. Қазақбаева Ж.Р., 2019 оқу құрал. Aknurpress / https://aknurpress.kz/login

2. Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг.Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Маукенова А.А., 2019. Aknurpress https://aknurpress.kz/login

3.Макроэкономика. Есиркепова А.М. , 2017. Aknurpress https://aknurpress.kz/login

4. Экономикалық теория негіздері. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. - 105б. РМЭБ http://rmebrk.kz/

5. Statistics for Business and Economics. / D. Anderson, D. Sweeney, T. Williams.: Cengage, 2017. - 615p. -ISBN 978-1-4737-2656-7. РМЭБ/ Anderson, David et al. http://rmebrk.kz/

6. Н.К. Казманов. РМЭБ/http://rmebrk.kz/

1.Кафедра: Морфофизиология
2.Білім беру деңгейі: бакалавриат
3.Білім беру бағдарламалары: 6В10111- «Қоғамдық денсаулық»
4.Курс: 1
5.Элективті пән атауы: «Анатомия негіздері»
6.Кредит саны: 3
7.Мақсаты: Адам организмінің ерекшеліктері анатомофизиологиялық жүйелі білімін қалыптастыру және оны құрастырушы жүйелер, үрдістер, адам ағзасында өтетін, механизмдерін реттестіретін, сыртқы ортамен бірлесіп адамның тіршілік әрекетін қамтамасыз етеді.
8.Міндеттері:Ағзалар мен жүйелердің құрылымы туралы негізгі білімін қалыптастыру; жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету үшін ағзалардың орналасқан жері мен проекциясын анықтай білуге үйрету;тұтас реакциялардың қалыптасу негізгі заңдылықтары мен механизмдері туралы білім беру; адам организмнің өмір сүруін қоршаған ортамен өзара байланысы ретінде жүйелік білімді қалыптастыру;
9.Пән мазмұны: Қоғамдық денсаулық саласындағы және санитарлық-эпидемологиялық тұрғындарының салауаттылығын қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру үшін базалық білім және жаратылыстану – ғылыми білімдерін көрсетеді. Жаратылыстану – Ғылым саласындағы (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық, медико-биологиялық және клиникалық ғылымдар) профессионалдық білімнің әртүрлі түрлерінде қолдану.
Санитарлық-ағартушылық жұмысты тұрғындарының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды өткізеді.
10. Пәнді таңдау негіздері:
11. Оқыту нәтижелері (Дублин):

Білімі (когнитивтік сала)	**Біліктілігі мен дағдылары (психомоторлық сала)**	**Жеке тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктері (қатынастар)**
- Буындардың құрылымын, жіктеліуін, функцияларын біледі; - Бұлшықеттердің құрылымын, жіктеліуін, функцияларын біледі; - Анатомиялық терминологияны меңгереді. Анатомиялық препараттармен, оқу құралдармен жұмыс істеудің негізгі әдістерін жасайды; - Ми мен жұлынның құрылымын және функциясын баяндайды;	- Бас, дене, қол-аяқ сүйектерінің айырмашылықтарын атайды; - Анатомиялық препараттарда сүйек қосылыстарына қатысатын элементтерді табады; - Бас, мойын, кеуде, құрсақ қуысы және жамбас астауының ағзаларын табады;	- Тапсырмаларды тест кроссворд, презентация, реферат түрінде рәсімдейді, дербес пікірлер қалыптастырады; - Өзінің жеке көз қарасын реферат, презентация, проект түрінде дайындап, оларды тәжірибелік сабақтарда, студенттердің үйірме отырыстарында, студенттердің ғылыми конференцияларында т.б ұсына алады; - Студенттер өз білімдері мен дағдыларын оқу эксперименттерімен немесе теориялық материалдармен түсіндіріп ашық сөз сөйлеу дағдыларын игереді;

		-Ашық баяндама жасау дағдысын меңгереді.

12. Пререквизиттер - биологияның мектептегі курсы, адам анатомиясы мен физиологиясы.
13. Постреквизиттер - жалпы патология негіздері; микробиология, вирусология және паразитология медициналық биология,клиникалық медицинаға кіріспе.

14. Әдебиеттер
Қазақ тілінде:
Негізгі:
1.Кузенбаева, Ә. О. Адам анатомиясы. 1 - кітап: оқу құралы /. - Алматы : Эверо, 2016. - 292 бет. с.
2.Кузенбаева, Ә. О. Адам анатомиясы. 2- кітап : оқу құралы . - Алматы : Эверо, 2016. - 248 бет. с.
3.Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 1. Сүйектер туралы ілім. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4.Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 2. Ас қорыту жүйесі. Тыныс алу жүйесі. Несеп-жыныс жүйесі. Эндокриндік бездер. Тамырлар туралы ілім. Лимфа жүйесі- М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
5.Адам анатомиясы : оқулық - Алматы : ЖК "Ақнұр", 2013.
6.Рақышев А.Р. Адам анатомиясы I,II том 2004
7.Рақышев А.Р. Адам анатомиясының атласы, I,II том. Алматы: «Кітап», 2006.
8.Жұмабаев У., Әубәкіров Ә.Б., Досаев Т.М. ж.т.б. Адам анатомиясы, атлас. I,II,III,IV том. Астана: «Фолиант», 2005.
9.Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 3. Жүйке жүйесі. Сезім мүшелері: оқулық / А. Р. Рақышев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 376 бет
10.Рақышев, А. Р. Адам **а**натомиясы. 1-кітап оқулық / А. Р. Рақышев. - 2-бас., түзет. және толықт. ; ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы : Дәуір, 2009. - 420 бет.
11.Адам анатомиясы. Т. 2. Ішкі мүшелер жүйесі және эндокринді бездер атлас / Ә. Б. Әубәкіров [ж. б.] ; жалпы ред. басқ. А. А. Идрисов. - Астана : Фолиант, 2008. - 251 бет
12.Тебенов М.Е. Адам анатомиясы (ас қорыту және тыныс алу жүйесі). Оқу құралы Қарағанды., 1993.
13.Нұрмұхамбетова Б.Н. Лимфа жүйесінің функционалдық анатомиясы. Оқу құралы. Алматы, 2007.

1. Кафедра: Химиялық пәндер, биология және биохимия
2. Білім беру деңгейі: бакалавриат
3. Білім бағдарламалары: Қоғамдық денсаулық сақтау
4. Курс: 2
5. Элективті пәннің атауы: Медициналық биохимия
6. Кредит саны: 3
7. Мақсаты: Білім алушыларда қалыпты және патологиялық жағдайда адам ағзалары мен ұлпаларында өтетін негізгі метаболиттік процестердің молекулалық механизмдері мен реттелуі, олардың ұлпалардағы ерекшеліктері жөнінде біртұтас көзқарас қалыптастыру, халықтың денсаулығы мен санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғаудағы тиімділігін бақылау үшін биохимиялық көрсеткіштерді қолдану, оларды сауатты интерпретациялау.
8. Міндеттері:

- студенттерде ағзаның тіршілігіндегі қалыпты биохимиялық үрдістердің рөлі туралы түсінікті қалыптастыру;

- ағзадағы көмірсулар, белоктар, липидтер алмасуы, олардың метаболизмінің реттелу механизмдері, әртүрлі тіндерде өтетін негізгі биохимиялық үрдістердің ерекшеліктері туралы көзқарасты қалыптастыру;
- қоршаған орта факторларының әсері кезіндегі адам ағзасында өтетін биохимиялық бұзылыстар туралы көзқарасты қалыптастыру;
- қоршаған орта факторларының әсерін бағалауға арналған негізгі биохимиялық маркерлер туралы көзқарасты қалыптастыру.

9. Пән мазмұны (30-50 сөз)

Ақуыздардың биологиялық функциялары және құрылымдық ұйымдастығы. Ферменттер. Метаболизмде мембраналардың рөлі және көптүрлілігі. Тиімді тағамданудың биохимиялық негіздері. Катаболизмнің арнайы және жалпы жолдары. Биоэнергетика. Көмірсулар, липидтер және ақуыздар алмасуы. Гормондар биохимиясы. Бауыр және бүйрек биохимиясы. Гемпротеиндер алмасуы. Қан биохимиясы. Бұлшық ет, дәнекер, сүйек, тіс және жүйке тіндерінің биохимиясы.

10. Пәнді таңдауды негіздеу: Тәжірибелік медицина стоматология қызметінде тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған жоғары білікті дәрігер қызметкерлерді дайындауды талап етеді.

Медициналық ЖОО-дағы «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББББ арналған биологиялық химия курсының негізгі мазмұнына білім алушыларда адам ағзасының биохимиялық құрамын оқып-білу, заттар алмасуы мен оның реттелуі және қоршаған ортаның қолайсыз факторлары (радиация, ауыр металдардың тұздары, пайдаланылған газдар және т.с.с.) туралы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған.

11. Оқыту нәтижелері (құзыреттілік)

	Білімдер (когнитивтік сала)	**Біліктіліктер мен дағдылар (психомоторлық сала)**	**Жеке тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер (қатынастар)**
	Кәсіби қызметі үшін медициналық биохимия пәні мен міндеттері туралы білімін көрсете алады. Биохимиялық анализдер жүргізу әдістерін меңгереді Метаболиттік процесстердің жүруінің молекулалық механизмдерін және реттелуін сипаттайды. Биоэнергетика және тиімді тағамдану биохимиясының негізгі қағидаларын түсіндіреді. Молекулалық аурулардың пайда болу механизмдерін, оларды диагностикалық принциптерін атайды Тәжірибеде биохимиялық зерттеу әдістерінің негізгі қағидаларын, негізгі биохимиялық көрсеткіштердің референттік мағынасын біледі.	Заманауи құрал-жабдықтарда: биохимиялық анализаторда, спектрофотометрде жұмыс істей алады. Арнайы анықтамалық материалдарынан керекті мағлұматтарға ізденіс жасайды және жұмыс істей алады. Организмнің биологиялық сұйықтықтарында зертханалық-инстурменталды зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялауды жүзеге асырады. Қан сарысуының негізгі биохимиялық көрсеткіштерін анықтай алады.	Өзінің жеке ұйғарымдарын және оқу экспериментінің нәтижелерін сынамалы талдай алады. Тәжірибелік сабақтарда, студенттік үйірмелердің отырысында, студенттік ғылыми конференцияларда және т.б. өзінің ұйғарымдарын қорғай біледі. Оқу эксперименттерін жүргізуді жоспарлағанда байқалатын фактыларды және құбылыстарды, олардың өзара себеп-салдарын түсіндіре алады. Топпен жұмыс істеуге ұжымдық шешім қабылдауға қабілетті. Студенттерге, оқытушыларға, емтихан

			алушыларға оқу процессі кезінде алған білімдерін жеткізе алуға қабілетті

12. Пререквизиттер: химия, молекулалық биология және медициналық генетика, морфология және физиология негіздері.

13. Постреквизиттер: «Жалпы патология», «Органдар мен жүйелер патологиясы», «Жалпы хирургия» модулдері.

14. Әдебиеттер тізімі:

Қазақ тілінде

Негізгі:

1.«Биохимия» Е.С. Североннің ред. басшылығымен, «ГЭОТАР, Медиа», 2014ж;
2. Тапбергенов С.О. Медициналық биохимия –Алматы, 2011
3. Сейтембетов Т.С. Биологиялық химия-Алматы 2011
4. Сеитов З.С., Биохимия, - Алматы, 2012;

Қосымша:

1. Биохимия сұрақтары мен жауаптары. ҚР ҰҒА корр., проф. С.М.Адекеновтің ред. басшылығымен.-Астана,2003.

Орыс тілінде

Негізгі:

1. Биохимия, под ред. Чл.-корр. РАН, проф. Е.С. Северина.- М., 2011
2. Тапбергенов С.О. «Медицинская и клиническая биохимия».- Эверо, 2017.Iтом;
3. Тапбергенов С.О. «Медицинская и клиническая биохимия».- Эверо, 2017.IIтом;
4. Тапбергенов С.О. Медицинская биохимия.- Астана, 2011.

Қосымша:

1. Кэмпбелл М.К., Биохимия, 1-часть, Алматы-2013;
Биохимия : учебник / под ред. Е. С. Северина. - 5-е изд., испр. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2011.
Руководство к практическим занятиям по биологической химии: учеб.-методическое рук. для студентов мед. ВУЗов / под ред. С. О. Тапбергенова. - Алматы : Эверо, 2012. - 150 с.

Ағылшын тілінде:

1. Baynes J.W., Dominiczak M.H. Medical Biochemistry, Mosby Elsevier, 2014
2. Ferrier, Denise R. Biochemistry: Lippincott`s Illustrated Reviewes: textbook/Denise R .Ferrier. -7th ed.- Philadelphia: Wolters Kluwer, 2017.

Электронды ресурстар:

1. Биохимия [Электронный ресурс] : учебник для вузов / под ред. Е. С. Северина. - 5-е изд. , испр. и доп. - Электрон. текстовые дан. (66,3 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 768 с. эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Биохимия [Электронный ресурс] : учебник / под ред Е. С. Северина. - 5-е изд. - Электрон. текстовые дан. (66,4 МБ). - М. : Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2011. - 768 с. эл. опт. диск (CD-ROM
3. Биохимия с упражнениями и задачами [Электронный ресурс] : учеб. для вузов / Е. С. Северин [и др] ; под ред. Е. С. Северина. - Электрон. текстовые дан. (58,2 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2010. - 384 с. эл. опт. диск (CD-ROM) : ил. - (Электронный учебник).

1. Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы
2. Білім беру деңгейі: бакалавриат
3. Білім бағдарламары: 6В10111 «Қоғамдық денсаулық »
4. Курс: 2
5. Элективті пән атауы: «Фармакология»
6. Кредит саны: 5
7. Мақсаты: жоғары медициналық оқу орнының «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББББ бойынша білім алушыларына әртүрлі ауруларды емдеуде және алдын алуда дәрі-дәрмектердің жағымсыз әсерлерін білу және алдын алу үшін олардың әсерінің жалпы заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру.
8. Міндеттері:
• дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасының жалпы заңдылықтары туралы студенттерде түсінік қалыптастыру;
• дәрілік заттардың қасиеттері туралы түсініктерге сүйене отырып, дәрілік заттар тобының идентификациясының мүмкіндіктерін үйрету;
• дәрілік заттардың жағымсыз әсерлерін тануды және оларды жоюды үйрету.
9. Пән мазмұны: Фармакология - дәрінің әсері мен жаңа дәрілік заттарды іздеу туралы ғылым. Ол медициналық- биологиялық пәндердің дамуына үлкен әсер етеді. Фармакология медициналық- биологиялық, клиникалық пәндермен қатар, фармациямен және токсикологиямен байланысты. Теориялық және клиникалық пәндер аралығында орын алуы фармакология бойынша көптеген ғылыми бағыттардың дамуына ықпал етеді. Фармакология саласындағы жаңа бағыттар, жаңа препараттарды алуға және оларды енгізуге байланысты қолданбалы бағыттармен қатар фундаменталды мәселелерді де қарастырады.
10. Пәнді таңдау негіздері: Жаңа, белсенділігі жоғары дәрілік заттардың пайда болуы фармакотерапиядағы табыстармен қатар дәрілердің жанама және уытты әсерінің жоғарылауына алып келді, сондықтан әр түрлі мамандық дәрігерлері үшін, соның ішінде қоғамдық денсаулық сақтау, медико-профилактикалық профилді мамандар үшін де фармакология бойынша білім қажеттілігі жоғары.
11. Оқыту нәтижелері:

Білімдер (когнитивтік сфера)	**Біліктері мен дағдылары (психомоторлық сфера)**	**Жеке тұлғалы және мамандық компетенциялар (қатынастар)**
• дәрілердің жағымсыз әсерлерін тани біледі, жанама әсерлерінің алдын алады және жанама әсерлерін түзету жолдарын біледі. • жиі кездесетін инфекциялық аурулардың негізгі клиникалық белгілерін және оларды емдеу ұстанымдарын біледі және түсінеді • жиі кездесетін аурулардың негізгі клиникалық белгілерін және оларды емдеу ұстанымдарын біледі және түсінеді: дәрілерді	• кәсіби деңгейде дәрілер жөніндегі ақпаратты іздестіруді, өңдеуді және оларды қолдану сұрақтары бойынша тұрғындарға кеңес беруді; • инфекциялық ауруларда және алдын алуда қолданылатын препараттар бойынша–кеңестік көмек көрсетуді;	• дәрілердің уытты әсерлерін және дәрілермен жедел уланудың емінің әдістерін бағалауды; • фармакология сұрақтары бойынша ақпараттық-анықтамалық көздерді, мәліметтер базасын, Интернет ресурстарды қолдана отырып ізденіс жүргізуді біледі. • дәйектемелерді тұжырымдайды және қоғамдық денсаулық сақтау шеңберіндегі мәселелерді шешеді, дәрілік

тағайындағанда болуы мүмкін негізгі жанама әсерлерінің көріністерін, алдын алуын және түзету жолдарын біледі.		препараттардың болуы мүмкін өзара әсерлесуін бағалайды; • науқастарға дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлері бойынша кеңес береді.

12. Пререквизиттер: физиология, анатомия, жалпы патология негіздері
13. Постреквизиттер: қоғамдық денсаулық сақтау
14. Әдебиет:

Негізгі:

1. Фармакология :оқу құралы = Фармакология : учебное пособие / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет
2. Стикеева, Р. Қ. Фармакология-1: оқуқұралы / Р. Қ. Стикеева. - Алматы :Эверо, 2016. - 148 бет.с.
3. Харкевич, Д. А. Фармакология :оқулық. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 784 бет.
4. Рахимов, Қ. Д. Фармакология :оқу құралы. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2014. - 554 бет.с.
5. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 1-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы :Эверо, 2013. - 656 бет.с.
6. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 2-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы :Эверо, 2013. - 512 бет.с.

Қосымша:

1. Фармакология :нұсқаулық = Фармакология : руководство / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2017. - 640 бет с.
2. Дәнекер ұлпалараууруларының фармакотерапиясы: оқулық / З. А. Керимбаева [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2016. - 184 б. с.
3. Микробқа қарсы дәрілердің фармакологиясы: оқу құралы /Т. А. Муминов [ж/б.]; қаз. тіл. ауд. Н. М. Малдыбаева.- Алматы : Литер Принт. Казахстан, 2016.-552 бет. С
4. Рахимов, Қ. Д. Фитофармакология. Фармакология - Тезаурус. : оқу құралы = Фитофармакология. Фармакология -Тезаурус : учеб. пособие. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2015. - 528 с.
5. Фармакология негіздері және рецептурасы : оқулық / М. З. Шайдаров [ж/.б.]. - Астана :Ақнұр, 2014. - 398 бет. с.
6. Орманов, Н. Ж. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология :оқуқұралы / Н. Ж. Орманов, Н. Р. Сырманова, Л. Н. Орманова ; ҚРденсаулықсақтауминистрлігі; ОҚММА. - Алматы :Эверо, 2012. - 102 бет.с.

Электронды:

1. Асқорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы. [Электронный ресурс]: Оқулық/ Керимбаева З. А., Орманов Н.Ж., Джакипбекова З.К., Орманов Т.Н. Шымкент, 2018ж.
2. Kharkevitch, D. A. Pharmacology [Электронный ресурс] :textbookformedicalstudents / D. A. Kharkevitch. - Электрон.текстовые дан. (83.9Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск
3. Фармакология [Электронный ресурс] :оқуқұралы / ред. бас. Г. М. Пичхадзе = Фармакология : учебное пособие / под ред. Г. М. Пичхадзе. - Электрон.текстовые дан. (43.0Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет с.
4. Аляутдин, Р. Н. Фармакология [Электронный ресурс] : учебник для среднего проф. образования / Р. Н. Аляутдин, Н. Г. Преферанский, Н. Г. Преферанская. - Электрон.текстовые дан. (44,6 МБ). - М. : Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа",2010.- 704 с.

5. Харкевич, Д. А. Фармакология [Электронный ресурс] : учебник . - Электрон. текстовые дан. (62,1 МБ). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2010. - 752 с.

1. **«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы.**
2. **Білім беру деңгейі (<u>бакалавриант</u>)**
   Мамандығы 6В10111-«Қоғамдық денсаулық сақтау»
3. **Курсы 2**
4. **Элективті пәннің атауы:** «Жалпы гигиена»
5. **Кредит саны 5**
6. **Мақсаты:** Білім алушылар арасында адам ағзасы мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі аясындағы гигиеналық білім негіздерін қалыптастыру, табиғи және антропогендік факторлардың әсері мен оның денсаулық жағдайының мүмкін болатын өзгерістері арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау, сонымен қатар экологиялық факторлардың кері әсеріне байланысты тұрғындар арасында болатын тіс-жақ ауруларының алдын-алу.
7. **Міндеттері:**

- сау адамдардың денсаулығын сақтауда және нығайтуда, аурулардың алдын алуда гигиеналық білімді қолдана білуге үйрету;
- халықтың гигиеналық тұрғыдан сауаттылығын арттыру үшін гигиеналық білімін және дағдыларды қолдана білуге үйрету.

9. Пәнді таңдауды негіздеу: Жалпы гигиена базалық медициналық білім беруде фундаменталдық пәннің бірі болып табылады. Пәннің теориялық және тәжірибелік курсы халықтың денсаулығын қорғаудың қағидалық негізін зерттеуге бағытталған. Пәнде адам ағзасына және қоғамдық денсаулыққа қоршаған орта факторларының әсер ету заңдылықтары, тұрғындардың денсаулығын сақтауға және қорғауға мүмкіндік беретін, гигиеналық нормативтерді, санитариялық ережелерді, шараларды негіздеу мақсаты берілген.

10. Оқыту нәтижелері (құзіреттіліктер)

Білімдер (когнитивтік сала)	**Істей алуы және дағдылануы** (психомоторлы орта)	**Жеке және кәсіби компетенциялар** (қатынас)
Гигиеналық білімі, дағдылары бар және оларды жүкті әйелдерде стомотологиялық аурулардың алдын алу шаралары қолдана алады. Ересектер мен балаларда стоматологиялық аурулардың алу алу шаралары қолдана алады,.	Ересектер мен балалардағы негізгі стоматологиялық аурулар бойынша базалық және клиникалық білімдерін көрсете алады. Барлық жастағы пациенттерде негізгі стоматологиялық ауруларды емдеу және алдын алу жұмыстарын жүргізе алады, ауа ортасының сапасын тексерудің нәтижесін талдайды; жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың таралуындағы су факторының рөлін бағалай	-жаңа идеяларды қабылдау; -тұрғындармен қатынаста медициналық этика ұстанымдарын сақтау; -тиісті коммуникативті машықтарды көрсете білу; -командада жұмыс жасау машықтарына және көшбасшылық қасиеттерге ие болу.

ауаның гигиеналық маңызын. Ластанған атмосфералық ауаның және табиғи химиялық және биологиялық құрамының және физикалық қасиеттерінің адам ағзасына тигізетін әсерінен болатын аурулардың алдын алуын біледі; жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың таралуындағы су мен топырақтың рөлі және олардың гигиеналық алдын алу шараларын біледі; өндірістік кәсіпорындарындағы өндірістік ортаның және еңбек үдерісінің кең тараған зиянды факторларының гигиеналық сипаттамаларын. Өндірістегі алдын алу және сауықтыру шараларын біледі; ауруханамекемелеріне қойылатын гигиеналық талаптарды біледі; ауруханаішілік жұқпалы аурулардың алдын алудың гигиеналық негіздерін біледі.	білуді және алдын алу шараларын жүргізеді; тамақтанудың ұйымдастырылуын және құндылығын бағалайды; адам ағзасына кәсіптік зияндылықтардың тигізетін қауіпін бағалауды; жұмыс бөлмелерінің санитариялық жағдайын және еңбек жағдайын бағалайды; балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуын бағалайды; аурухана мекемелерінің санитариялық-эпидемиологиялық режимін бағалауды; тағам рационына қарап ас мәзірі - жіктемесін құрастыра біледі.	

11 Реквизитке дейінгі: молекулярлы биология және медициналық генетика, физиология негіздері.

12 Реквизиттен кейінгі: клиникалық эпидемиология, клиникаға кіріспе.

13. Әдебиеттер тізімі

1. Жалпы гигиена бойынша тапсырмалар жинағы: оқу-әдістемелік құрал. - М. : "Литтерра", 2016. - 208 бет с..

2. Большаков, А. М. Жалпы гигиена : оқулық - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

3. Токанова, Ш. Е. Жалпы гигиена : оқу құралы - Алматы : Эверо, 2013

4.Гигиена: учебник/ под ред. Г. И. Румянцева. -2-е изд., перераб. и доп.. -М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015

Қосымша әдебиеттер.

Жалпы гигиена бойынша тапсырмалар жинағы: оқу-әдістемелік құрал. - М. : "Литтерра", 2016. - 208 б.

1. **«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы.**
2. **Білім беру деңгейі (<u>бакалавриант</u>/ интернатура/ магистратура/резидентура)**
   Мамандығы 6В10111 «Қоғамдық денсаулық сақтау»
3. **Курсы 3**
4. **Элективті пәннің атауы:** «Алдыңғы қатарлы эпидемиология-1 »
5. **Кредит саны 5**
6. **Мақсаты:** Тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын анықтау, жеке топтағы тұрғындар арасында дамитын жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық, індетке қарсы және дезинфекциялық шараларды ұйымдастыру және жүргізуді негіздеу, тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан болатын аурушаңдықты төмендету және жеке инфекцияларды жою бойынша студенттердің теориялық білімі мен практикалық машықтарын қалыптастыру
7. .**Міндеттері:**

-Эпидемиологиялық қадағалау мен әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру, сырқаттанушылықты тиімді басқару және халықтың денсаулығын сақтау үшін инфекциялық сырқаттанушылық үрдістерін болжау;

- Халықтың әртүрлі топтары арасында қауіп факторларын жою және денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мақсатында санитариялық-ағарту қызметін жүргізу.

9. Пәнді таңдауды негіздеу: Әр түрлі этиологиядағы аурулардың пайда болуы мен таралу заңдылықтары. Аурулардың алдын алу шаралары, эпидемиологиялық процесті бұзуға бағытталған іс-шаралар. Санитариялық-профилактикалық, эпидемияға қарсы іс-шаралар және эпидемиология саласындағы нормативтік-заңнамалық құжаттар.

Білімдер (когнитивтік сала)	**Істей алуы және дағдылануы** (психомоторлы орта)	**Жеке және кәсіби компетенциялар** (қатынас)
Эпидемиологиялық қадағалау мен әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру, сырқаттанушылықты тиімді басқару және халықтың денсаулығын сақтау үшін инфекциялық сырқаттанушылық үрдістерін болжай алады; Халықтың әртүрлі топтары арасында қауіп факторларын жою және денсаулықты сақтауға	Қоғамдық денсаулық сақтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы үшін практикалық міндеттерді шешу кезінде денсаулық сақтау мекемелерін басқаруды ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана алады; Санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге және	ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істеу, Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді қамтамасыз ету; -жаңа идеяларды қабылдау; -командада жұмыс жасау машықтарына және көшбасшылық қасиеттерге ие болу.

және нығайтуға бағытталған салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру мақсатында санитариялық-ағарту қызметін жүргізе алады; Апаттар мен төтенше жағдайлардың санитарлық-эпидемиологиялық салдарын талдауды жүзеге асыра алады; Медициналық тексерулерді ұйымдастыруды және өткізу кезеңділігін жүзеге асырады алады.	эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге қатыса отырып, денсаулық нәтижелерін анықтау үшін деректерді жинау кезінде стандарттарды қолдана алады; Халықтың декреттелген тобы арасында медициналық-гигиеналық білім беру, өмір салтын түзету, маңызды аурулардың медициналық-әлеуметтік аспектілері мәселелерін түсіндіре алады; командалық жұмыс дағдыларын жетілдіре отырып және моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып әлеуметтік жұмысты іске асыра алады.	

- **11 Реквизитке дейінгі:** молекулярлы биология және медициналық генетика, физиология негіздері.
- **12 Реквизиттен кейінгі**: клиникалық эпидемиология, клиникаға кіріспе.

13. Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер:

Негізгі:

Кафедра «Гигиена және эпидемиология» 044-59/11
21 беттің 1-беті «Гигиена және эпидемиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы(силлабус)
1. Токанова, Ш. Е. Жалпы гигиена :оқу құралы / Ш. Е. Токанова, М. Б. Жандаулетова. - Алматы :
ЭСПИ, 2023. - 216 бет.
2. Большаков, А. М. Жалпы гигиена: оқулық / А. М. Большаков; қаз. тіліне ауд. М. Б. Жандаулетова;
жауапты ред. Ш. Е. Токанова ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 400 бет.
3.Токанова, Ш.Е.Жалпы гигиена: оқу құралы – Алматы: Эверо, 2013
4. Ауа гигиенасы : оқу құралы, Жаксыбаева Ж.Б - Шымкент 2015.-59 бет.
5. Мендибаева, Б. Б. Еңбек гигиенасы. 1 бөлім. Жалпы еңбек гигиенасы: оқулық / - Алматы : Эверо,
2017. - 320 бет.
6. Тоғызбаева, Қ. Қ.Еңбек гигиенасы. 1-кітап: оқулық / Қ. Қ. Тоғызбаева, А. Жаханов. - Алматы : Эверо, 2016.
- 338 бет
7. Еңбек гигиенасы: оқулық / Ред. Н. Ф. Измеров., Қаз. тіліне ауд. Г. Қ. Амантаева. - М. : ГЭОТАР -Медиа, 2016. - 480 бет
8. Ерманова, С.А. Эпидемиология: оқулық /. – Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 296 бет.

9. Жалпы эпидемиология дәлелді медицина негіздерімен: оқу құралы / Ред. Бас. В.И. Покровский.
Қаз. Тіл. Ауд. Н. Жайықбаев. – М.: ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 448 б
10. Ирсимбетова, Н.А. Эпидемиология: оқулық. – Шымкент: Кітап ЖШС, 2013
11. Ерманова, С. А.Эпидемиология: оқулық /. – Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 296 бет. С.
12. Кучма, В. Р.Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы: оқулық. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 464
бет.
13. Бөлешов М.Ә.Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы:оқулық-Эверо, 2015

Қосымша:

1. Жалпы гигиена бойынша тапсырмалар жинағы: оқу-әдістемелік құрал. – М.: «Литтерра», 2016. –
208 бет с.
2. Ордабеков, С. О. Жас ерекшелік анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы: оқу құралы -Қарағанды : ЖК "Ақ Нұр", 2012.
3.Жалпы эпидемиология дәлелді медицина негіздерімен: оқу құралы. – М.: ГЭОТАР – Медиа, 2015

Электрондық оқулықтар:

1.Жалпы гигиена [Электронный ресурс] : оқулық / А. М. Большаков ; қаз. Тіл. Ауд. М. Б. Жандаулетова. – 3-бас. , қайта өңд. (46.8Мб). – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 400бет
2. Бөлешов, М.Ә.Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы : Оқулық.. – Алматы: Отан, 2018. – 180 б. –
http://rmebrk.kz/
3. Жалпы гигиена.Рыскулова А.Р., Кошкимбаева С.А. , 2017 /https://aknurpress.kz/login

1. **«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы.**
2. **Білім беру деңгейі (<u>бакалавриант</u>)**
3. **Мамандығы 6В10111-«Қоғамдық денсаулық сақтау»**
4. **Курсы 3**
5. **Элективті пәннің атауы:** «Қоршаған орта гигиенасы »
6. **Кредит саны 10**
7. **Мақсаты:** Қоршаған орта гигиенасы аясында мемлекеттік санитариялық - эпидемиологиялық бақылауды жүргізудің тәжірибеге бағытталған дағдыларын қалыптастыру.
8. **Міндеттері:**

- Халық денсаулығына әсер ететін негізгі нысандар мен факторлары: шу, ауаның, су және сумен жабдықтаудың, топырақтың, микроклиматтың сапасын жақсарту;
- Қоршаған орта нысандарын зерттеу әдістерін игерген, су, топырақ, атмосфералық ауаның сапасына және тұрғын ауданның шу режиміне санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын анықтау.

9. Пәнді таңдауды негіздеу. Атмосфералық ауа, су, сумен жабдықтау, топырақ гигиенасы және оларды санитариялық қорғау. Қоршаған орта нысандарындағы химиялық заттарды нормалаудың гигиеналық қағидалары. Қоршаған орта нысандарын санитариялық-зертханалық бақылау мәліметтерін бағалау. Заңды құжаттар және коммуналдық нысандарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Коммуналдық нысандарды санитариялық-эпидемиологиялық тексеру сызбасы.

Білімдер (когнитивтік сала)	**Істей алуы және дағдылануы** (психомоторлы орта)	**Жеке және кәсіби компетенциялар**

		(қатынас)
Елді мекендер территорияларын және топырақты, атмосфералық ауаны, су нысандарын санитариялық қорғау бойынша қорытындыларды ұсыныстар түрінде негіздей алады. Қоршаған ортаның нақты нысандарының сапа көрсеткіштерін жинақтай алады, әртүрлі аурулардың пайда болу себептерін түсіндіреді және алынған нәтижелері бойынша тұрғындарды хабардар ете алады. Халықтың декреттелген топтары үшін гигиеналық оқытуды ұйымдастырады және жүргізе алады. Тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізе біледі. Тұрғын үй және қоршаған орта нысандарына ағымдағы және қажет болған жағдайда ескертпелі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізе біледі. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қажетті есепке алу және есептілік құжаттамаларын дайындай біледі.	Денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды талдау және шешу және ғылыми негізделген шешімдер қабылдау кезінде сыни ойлау дағдыларын қолданады. ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу жүргізе алады.	ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істеу, Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді қамтамасыз ету; -жаңа идеяларды қабылдау; -командада жұмыс жасау машықтарына және көшбасшылық қасиеттерге ие болу.

- **11 Реквизитке дейінгі:** молекулярлы биология және медициналық генетика, физиология негіздері.

- **12 Реквизиттен кейінгі**: клиникалық эпидемиология, клиникаға кіріспе.

13. Әдебиеттер тізімі

1. Жалпы гигиена бойынша тапсырмалар жинағы: оқу-әдістемелік құрал. - М. : "Литтерра", 2016. - 208 бет с..

2. Большаков, А. М. Жалпы гигиена : оқулық - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

3. Токанова, Ш. Е. Жалпы гигиена : оқу құралы - Алматы : Эверо, 2013

4.Гигиена: учебник/ под ред. Г. И. Румянцева. -2-е изд., перераб. и доп.. -М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015

1. **«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы.**
2. **Білім беру деңгейі (<u>бакалавриант</u>)**
3. **Мамандығы 6В10111**-«Қоғамдық денсаулық сақтау»
4. **Курсы 3**
5. **Элективті пәннің атауы:** «Эпидемиология негіздері »
6. **Кредит саны 5**
7. **Мақсаты:** Студенттер арасында жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу себептері мен жағдайларын анықтаудың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан болатын аурушаңдықты төмендету және жеке инфекцияларды жоюға бағытталған профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізуді негіздеу.
8. **Міндеттері:**

- Эпидемиологиялық қадағалау мен әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру сырқаттанушылықты тиімді басқару және халықтың денсаулығын сақтау үшін инфекциялық сырқаттанушылық үрдістерін болжау

- Инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуын болдырмауға және оларды, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде жоюға бағытталған санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

9. Пәнді таңдауды негіздеу. Сипаттамалық эпидемиология негізгі принциптері мен тұжырымдамалары. Эпидемиологиялық талдаудың негізгі құралдары. Аналитикалық эпидемиология, зерттеулердің негізгі схемалары және оларды халық денсаулығына қолдану. Санитариялық -эпидемиологиялық салауаттылығын қорғау және эпидемияға қарсы шараларды жүзеге асыру. Саясатты әзірлеу үшін зерттеулер мен талдау нәтижелерін қолдану. Эпидемиологиялық қадағалау, эпидемиологиялық диагностика, эпидемиологиялық талдау.

Білімдер (когнитивтік сала)	**Істей алуы және дағдылануы** (психомоторлы орта)	**Жеке және кәсіби компетенциялар** (қатынас)
Елді мекендер территорияларын және топырақты, атмосфералық ауаны, су нысандарын санитариялық қорғау бойынша қорытындыларды ұсыныстар түрінде негіздей алады.	Денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды талдау және шешу және ғылыми негізделген шешімдер қабылдау кезінде сыни ойлау дағдыларын қолданады.	ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істеу, Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу-есеп беру құжаттамасын

Қоршаған ортаның нақты нысандарының сапа көрсеткіштерін жинақтай алады, әртүрлі аурулардың пайда болу себептерін түсіндіреді және алынған нәтижелері бойынша тұрғындарды хабардар ете алады. Халықтың декреттелген топтары үшін гигиеналық оқытуды ұйымдастырады және жүргізе алады. Тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізе біледі. Тұрғын үй және қоршаған орта нысандарына ағымдағы және қажет болған жағдайда ескертпелі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізе біледі. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қажетті есепке алу және есептілік құжаттамаларын дайындай біледі.	ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу жүргізе алады.	жүргізуді қамтамасыз ету; -жаңа идеяларды қабылдау; -командада жұмыс жасау машықтарына және көшбасшылық қасиеттерге ие болу.

- **11 Реквизитке дейінгі:** молекулярлы биология және медициналық генетика, физиология негіздері.
- **12 Реквизиттен кейінгі**: клиникалық эпидемиология, клиникаға кіріспе.

13. Әдебиеттер тізімі

1. Ерманова, С. А.Эпидемиология: оқулық /. - Қарағанды : АҚНҰР, 2016. - 296 бет. с.
2. Ирсимбетова, Н. А.Эпидемиология : оқулық. - Шымкент : Кітап ЖШС, 2013
Қосымша әдебиеттер.
1. Ерманова, С. А. Эпидемиолог маманының тәжірибелік дағдылары [Мәтін] : оқу-әдістемелік
құрал / С. А. Ерманова, Н. А. Ирсимбетова, Ф. Мұхтарқызы. - Алматы : Эверо, 2018. - 136 б. С

1. **Кафедра:** Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау
2. **Білім беру деңгейі:** Бакалавриа
3. **Білім беру бағдарламалары:** 6В10111 Қоғамдық денсаулық
4. **Курс:** 5
5. **Элективті пән атауы:** Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру
6. **Кредит саны:** 5
7. **Мақсаты:** Білім алушыларда алғашқы медициналық-санитариялық көмектің қағидалары мен ұйымдастырылуын, профилактикалық және медициналық-әлеуметтік

жұмысты меңгерту, сондай-ақ бұл білімдерді адам, отбасы және қоғам деңгейінде медициналық көмек көрсету кезінде қолдану дағдыларын дамыту.

8. **Міндеттері:**

- алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастырудың тұжырымдамасын, құрылымын және негізгі қағидаларын зерделеу;
